ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ
ЖАС ЭКОЛОГ

«МЕН ЗЕРТТЕУШІМІН»

2026-2027 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Пікір

Бұл авторлық жұмыс қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті тақырыптардың бірі. Вариативтік компонент тақырыбы — білім беру жүйесінде өзекті әрі маңызды бағыттардың бірі. Бұл тақырыпты зерттеу арқылы білім беру мазмұнының икемділігін арттыруға, балалардың қызығушылығы мен қабілетіне сай жеке бағыттағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік туады. Вариативтік компоненттің балабақша бағдарламасында тиімді қолданылуы, педагогтардың шығармашылық ізденісі мен әдістемелік жаңашылдығын дамыту жолдары қарастырылған.

Вариативтік компонентті тиімді ұйымдастыру мен жүзеге асыру мәселесіне арналған. Зерттеуші жұмыстың барысында вариативтік компоненттің мазмұнын, оның мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие процесіндегі рөлін жан-жақты қарастырып, тәжірибелік маңызы бар тұжырымдар жасаған.
Автордың зерттеушілік бағыты мен ізденісі тақырыптың мәнін ашуға, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, балалардың жеке қабілетін дамытуға бағытталған. Жұмыс мазмұны ғылыми тұрғыда негізделген, тәжірибемен ұштасқан және өзектілігімен ерекшеленеді.

Пікір жазған: Әдіскер: Ж.Альменова
№28"Ақбота"бөбекжай-балабақшасы

Сканировано с CamScanner

БАҒДАРЛАМА ҚҰРЫЛЫМЫ (34 сағат, аптасына 1 сағат)

1-БӨЛІМ: Зерттеуге алғашқы қадам

2-1. "Мен зерттеушімін" – Зерттеу деген не?

2. "Зерттеушінің құралдары" – Лупа, микроскоп, таразы, термометр, магнит.

3. "Тәжірибе жасау әдістері" – Бақылау, салыстыру, қорытындылау.

4. "Зерттеу жүргізу ережелері" – Қауіпсіздік шаралары мен зерттеу әдістері.

2-БӨЛІМ: Өсімдіктер әлемін зерттеу

5. "Өсімдіктер қалай өседі?" – Тұқымнан өсімдікке дейін.

6. "Өсімдіктерге не қажет?" – Су, жарық, жылу, топырақ.

7. "Топырақ және өсімдіктер" – Топырақтың түрлерін зерттеу.

8. "Өсімдіктің бөліктері" – Тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс.

9. "Жапырақтардың пішіні мен түсі" – Түрлі өсімдіктердің жапырақтарын салыстыру.

10. "Гүлдер мен олардың құрылысы" – Гүлдердің ерекшеліктері.

11. "Өсімдіктердің көбеюі" – Тұқым, түйнек, пиязшық арқылы көбейту тәжірибесі.

12. "Өсімдіктер неге сарғаяды?" – Күзгі өзгерістер.

13. "Ауа бар ма?" – Ауаның бар екенін дәлелдейтін тәжірибелер.

14."Өсімдіктер мен судың байланысы" – Су өткізгіштік тәжірибесі.

15. "Өсімдіктердің ауа тазартудағы рөлі" – Жасыл өсімдіктердің пайдасы.

16. "Өсімдіктер мен жануарлардың байланысы" – Экологиялық тепе-теңдік.

17. "Өсімдіктерді қалай қорғауға болады?" – Табиғатты аялау туралы әңгіме.

3-БӨЛІМ: Табиғи құбылыстарды зерттеу

18. "Судың үш күйі" – Мұз, су, бу өзгерістерін бақылау.

19. "Күн және оның маңызы" – Күннің жылу мен жарық берудегі рөлі.

120. "Желдің күші" – Желдің көрінбейтін, бірақ әсерін сезуге болатыны.

21. "Жаңбыр қайдан келеді?" – Су айналымы туралы тәжірибе.

22. "Жердің құрамы" – Құм, тас, топырақты зерттеу.

Сканировано с CamScanner

23. "Қар мен мұздың қасиеттері" – Мұздың еруі мен суықтың әсері.

24. "Көктемгі өзгерістер" – Қардың еруі, өсімдіктердің оянуы.

25."Табиғатты бақылау" – Табиғаттағы өзгерістерді күнделікке жазу.

26. "Менің өсімдігім" – Әр бала өз өсімдігін отырғызады.

27. "Топырақтың құрамы" – Топырақтың құрылымын зерттеу.

4-БӨЛІМ: Эксперименттік жұмыстар

28."Гүлдер неге түрлі-түсті?" – Тозаңдану және жәндіктердің рөлі.

29. "Жапырақтың астында не бар?" – Жапырақтың устьицесін қарастыру.

30. "Жарық пен көленке" – Жарық көздері, көленке түсуі.

31."Су қалай көтеріледі?" – Су өткізгіштік қасиеттерін зерттеу.

5-БӨЛІМ: Қорытынды

32- 33. "Мен зерттеген жаңалықтарым" – Балалардың зерттеу жұмыстарын көрсету.

34 . "Өсімдіктер әлеміне саяхат" – Табиғат аясында экскурсия өткізу.

Сканировано с CamScanner

«Мен зерттеушімін»

Вариативтік компонент бағдарламасы

(Ересек топ, 4жас, 34 сағат)

Бағдарламаның атауы: «Мен зерттеушімін»

Бағыты: Вариативтік компонент

Жас ерекшелігі: Ересек топ (4жас)

Сағат саны: 34 сағат

Құрастырған: Альжанова Үрзада Жұмабайқызы

Мекеме: №28 «Ақбота» бөбекжай - балабақшасы

Жылы: 2024-2025 оқу жылы

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Бағдарламаның өзектілігі:

Балалардыңәлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, табиғи қызығушылығы мен зерттеушілік қабілеттерін дамыту – олардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық ойлауын жетілдірудің маңызды шарты. Бұл бағдарлама балалардың бақылау, тәжірибе жасау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты:

Балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру .
Өсімдіктер, табиғи құбылыстар туралы ғылыми-танымдық білімдерін кеңейту.
Логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.
Табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1. тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.
2. Балаларды зерттеу жұмыстарына, экспериментжасауға қызығушылықтарын арттыру.
3. Өсімдіктердің, табиғи құбылыстардың ерекшеліктерін зерттеу.
4. Қоршаған ортада,табиғатта қауіпсіздікті сақтау.

Күтілетін нәтиже:

Балалар қоршаған ортаға қызығушылық танытады.

Эксперимент жүргізу дағдылары қалыптасады.

Қоршаған әлем туралы білімдері кеңейеді.

Қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытады.
Қоршаған ортада табиғатта қауіпсіздікті сақтайды.

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы: "Зерттеу деген не?"

Мақсаты:

Балалардың зерттеу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, зерттеудің мәнін түсіндіру және тәжірибе жасау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балаларға «зерттеу» ұғымын қарапайым түрде түсіндіру.

2. Қоршаған ортадағы құбылыстарды бақылауға үйрету.

3. Қарапайым тәжірибелер арқылы танымдық белсенділікті дамыту.

4. Балалардың ойлау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын жетілдіру.

Құрал-жабдықтар:

Түрлі суреттер (ғалымдар, зерттеу құралдары)

Қарапайым зерттеу құралдары (лупа, су, құм, магнит, өсімдіктер, шам, суға бататын және батпайтын заттар)

Ойын элементтері

Жоспар

1. Кіріспе бөлім (ұйымдастыру кезеңі) – 5-7 минут

Балаларды шеңберге отырғызып, "Сен зерттеуші болғың келе ме?" деген сұрақ қою.

Балалармен бірге «зерттеу» сөзіне ассоциация жасау (мысалы, кімдер зерттеу жүргізеді? Нені зерттеуге болады?).

Зерттеушілердің суреттерін көрсетіп, олардың жұмысын сипаттау.

2. Негізгі бөлім – 20-25 минут

1-ші әрекет: "Зерттеуші болайық!"

Балаларға табиғаттағы кейбір құбылыстарды түсіндіру (су неге мұзға айналады? Құм суға бата ма?).

Қарапайым тәжірибелер жасау:

Су және түрлі заттар: Заттардың суда бататынын немесе батпайтынын зерттеу.

Магнитті зерттеу: Қай заттар магнитке тартылады?

Өсімдікке су керек пе? Жапырақтың суы бар және суы жоқ топырақтағы күйін бақылау.

2-ші әрекет: "Зерттеушілердің бақылауы"

Балаларға лупа беріп, оларды айналасындағы заттарды қарауға шақыру.

Сканировано с CamScanner

"Кім не байқады?" ойыны арқылы балалардың бақылағандарын айтып беруін сұрау.

3. Қорытынды бөлім – 5-7 минут

Балалардан бүгінгі зерттеуден қандай жаңалық ашқанын сұрау.

«Зерттеу деген не?» сұрағына бірге қорытынды жасау: «Зерттеу – жаңа нәрсені білу үшін жасалатын іс-әрекет».

«Мен зерттеушімін» ойыны (балалар өздерін зерттеуші ретінде таныстырады).

Балаларды мадақтау, марапаттау.

Күтілетін нәтиже:

Балалар зерттеу дегеннің не екенін түсінеді.

Өз бетімен бақылау, тәжірибе жасау қабілеттері дамиды.

Қоршаған ортаға қызығушылығы артады.

Тақырыбы: "Зерттеушінің құралдары"

Мақсаты: Балаларға лупа, микроскоп, таразы, термометр және магнит туралы түсіндіру. Оларды зерттеу құралдары ретінде таныстырып, әрқайсысын ойын түрінде көрсету .

1. Лупа (үлкейткіш әйнек)

Түсінік:

Лупа – заттарды үлкейтіп көрсететін құрал.

Оның көмегімен ұсақ нәрселерді анық көруге болады.

Балалармен тәжірибе:

«Не өзгерді?» ойыны – Бір затты (жапырақ, тас, монета) қарапайым көзбен, содан кейін лупамен қарау.

«Ұсақ әлемді зерттеу» – Жәндіктерді, өсімдіктердің жапырағын немесе матаның құрылымын қарау.

2. Микроскоп

Түсінік:

Микроскоп – өте кішкентай нәрселерді бірнеше есе үлкейтіп көрсететін құрал.

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner